

# 52 Ұйымдасқан қылмыстылықтың алдын алу

## 1 Жалпы ережелер

Профилактикалық қызметтің бағыты ретінде ұйымдасқан қылмыстылықтың алдын алу



Қылмыстылықтың осы түрінің концептуалды сипаттамасы және қазіргі уақыттағы күресу жолдары


Қажетті құқықтық база; қылмыстылықтың осы түрімен күрес жүргізетін мамандардың арнайы дайындығы

Қажетті ресурстық қамтамасыз ету; заманауи ақпараттық база

Кешенді бағдарлау; ұйымдасқан қылмыстылықтың шынайы жай-күйі мен даму бағыттарын бағамдау, орынды болжау

## 2 Ұйымдасқан қылмыстылықтың алдын алудың концептуалды негіздері

Ұйымдасқан қылмыстылықтың алдын алудың  
концептуалды негіздері



Ұйымдасқан қылмыстылықтың құрылымы мен даму бағыттарын, оның жекелеген түрлерінің қауіптілігін ескере отырып, ұйымдасқан қылмыстылықпен күресудің басымды бағыттары кқрсетілуі тиіс

Ұйымдасқан қылмыстылықпен күресу туралы заңнамада және іс жүзіндегі тәжірибеде ұйымдасқан қылмыстылықтың кең ауқымдылығына және қылмыстық жолмен табылған орасан зор ақша қаражаттарына негізделген ерекшеліктерін назарда ұстау қажет

Қылмыстық жолмен табылған ақша қаражаттарын жылыстатуға қарсы тұратын заңнамалық және басқарушылық шаралар, заңсыз табыстарды анықтау және оларға сатып алынған мүліктерді алу мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған шаралар үлкен маңызға ие болады

### 3 Ұйымдасқан қылмыстылықтың алдын алудың жалпы әлеуметтік негіздері

Ұйымдасқан қылмыстылықтың алдын алудың жалпы әлеуметтік негіздері

#### Жалпы ережелер

Ұйымдасқан қылмыстылықтың алдын алудың жалпы әлеуметтік негіздері және оның әрекет етуі мен даму мүмкіндіктерін барынша шектеу негіздері болып еліміздегі дағдарыстық құбылыстардың (экономикадағы, саясаттағы, қоғамдық идеология мен психологиядағы, әлеуметтік саладағы, құқық қорғау қызметіндегі) алдын алу саналады

Ұйымдасқан қылмыстық құрылымдардың экономикалық базасы мен қауіпсіздік жүйесіне соққы беру мүмкіндіктерін арттыратын сыбайлас жемқорлықпен күресу туралы, қылмыстық жолмен табылған мүліктерді жылыстатқаны үшін жауаптылық бекітетін және мемлекеттік бақылау туралы заңнаманың тиімділігін қамтамасыз ету

Жалпы әлеуметтік салада жүзеге асырылатын шаралар

Шаруашылық субъектілеріне қатысты сыбайлас жемқорлыққа және заңсыздыққа ықпал ететін жеңілдіктер мен өзге де шарттарды жою;

Мемлекеттік тапсырыстар саласында қажетті талаптарды баспа беттерінде жариялай отырып, ашық конкурстар арқылы бөлу тәсіліне көшу;

Бухгалтерлік есеп жүргізудің үздік халықаралық стандарттарын басшылыққа алу

## 4 Ұйымдасқан қылмыстылыққа қарсы жүргізілетін шаралар

Ұйымдасқан қылмыстылық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар



Қылмыстық топтардың жетекшілері және белсенді мүшелерінің әрекеттерін анықтауға және жоюға бағытталған жедел іздестіру қызметінің алдын алу және мақсатты операцияларын жүйелі түрде жүргізіп отыру

Жеке секторлардағы күзет және қауіпсіздікті қамтамасыз етуді жүзеге асыратын құрылымдардың қызметінде заңдылықтардың сақталуын қадағалап отыру

Банктердің мемлекеттік емес құрылымдарды несиелендіру тәртібін сақтауын қадағалау

Ұйымдасқан қылмыстылықпен күрес жүргізуге көмек беретін жеке тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құқықтық актілерді жетілдіру

Өнімдерін шет елдерге жіберетін мұнай, түсті металл және радиоактивті материалдарды өндіру және өңдеумен айналысатын мекемелерді жүйелі түрде тексерулер жүргізіп отыру

Өндірістің аталған салаларында ұйымдасқан қылмыстық құрылымдардың және олармен сыбайлас лауазымды тұлғалардың қылмыстық әрекеттеріне тосқауыл қоятын шаралар жүйесін әзірлеу

Ұйымдасқан қылмыстықтың мемлекеттік билік, оның ішінде құқық қорғау органдарына араласуына тосқауыл қоятын шаралар жүйесін әзірлеу

Ұйымдасқан қылмыстылықпен күресу жолдарын жетілдіру мәселелері бойынша онференциялар өткізу, тәжірибелер алмасу

## 5 Халықаралық ынтымақтастық

### Ұйымдасқан қылмыстылықпен күресу саласындағы халықаралық ынтымақтастық

Қазақстан Республикасы - Интерпол мүшесі, ұйымдасқан қылмыстылықпен күресуді реттейтін бірқатар халықаралық-құқықтық құжаттарды дайындауға қатысушы мемлекет. Бұл мемлекеттердің қатары кеңейе түсуде, олардың көпшілігімен өзара құқықтық көмек көрсету (қылмыскерлерді іздестіру, ұйымдасқан қылмыстық топтар мен қауымдастық мүшелерін анықтау мен оларды экстрадициялау, қылмыстық жолмен табылған мүлікті анықтау) туралы келісім-шарттар жасалған.

Қазақстан Республикасы қылмыскерлерді ұстап беру, қылмыстық-құқықтық салада, қылмыстық жолмен табылған мүлікті жылыстатумен күресуде өзара құқықтық көмек көрсету мәселелеріне қатысты көпжақты конвенцияларды ратификациялап, онда көрсетілген қағидаларды үнемі сақтап отырады.

Евразиялық Экономикалық Қауымдастық шегінде де өзара үйлесімді әрекеттер шеңбері де кеңеюде: жедел-іздестіру, анықтамалық және өзге де ақпараттар алмасу; бірлескен іс-шаралар өткізу; тәжірибе және нормативті материалдар алмасу; арнайы мамандар дайындау және ғылыми зерттеулер саласындағы өзара әрекеттер.

ТМД елдері арасында ұйымдасқан және өзге де қауіпті қылмыстылықтармен күресуді үйлестіру Бюросы құрылған. Бюроның арнайы мәліметтер базасы бар және ол ұйымдасқан қылмыстық құрылым мүшелерін мемлекетаралық іздестіруге, жедел-іздестіру шараларын жүргізуге жәрдем көрсетеді, трансұлттық қылмыстылықпен күресуді қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлейді.